

“Жалағаш аудандық сәulet және қала құрылышы бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 22 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 05 наурызда № 4903 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 11 мамырдағы № 95 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 11.05.2016 № 95 қаулысымен (14.05.2016 бастап күшіне енеді).

“Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңына және “Мемлекеттік мұлік туралы” Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына сәйкес Жалағаш ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған “Жалағаш аудандық сәulet және қала құрылышы бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Жалағаш ауданы әкімінің орынбасары Ө.Елеусіновке жүктелсін.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жалағаш ауданының әкімі

T. Дүйсебаев

Жалағаш ауданы әкімдігінің
2015 жылғы “20” ақпандағы
№ 22 қаулысымен бекітілген

“Жалағаш аудандық сәulet және қала құрылышы бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі

1. Жалпы ережелер

1. “Жалағаш аудандық сәulet және қала құрылышы бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі сәulet және қала құрылышы саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. “Жалағаш аудандық сәulet және қала құрылышы бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы Жалағаш ауданының әкімдігі болып табылады.

“Жалағаш аудандық сәulet және қала құрылышы бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қатысты коммуналдық меншік құқығы субъектісінің құқықтарын “Жалағаш аудандық қаржы бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады.

3. “Жалағаш аудандық сәulet және қала құрылышы бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. “Жалағаш аудандық сәulet және қала құрылышы бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі-мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген ұлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. “Жалағаш аудандық сәulet және қала құрылышы бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. “Жалағаш аудандық сәulet және қала құрылышы бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. “Жалағаш аудандық сәulet және қала құрылышы бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен “Жалағаш аудандық сәulet және қала құрылышы бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. “Жалағаш аудандық сәulet және қала құрылышы бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индекс 120200, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі № 3.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 21.01.2016 № 8 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

10. Мемлекеттік органның толық атауы -“Жалағаш аудандық сәulet және қала құрылышы бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

11. “Жалағаш аудандық сәulet және қала құрылышы бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмыс кестесі: сенбі және жексенбі, заңнама

актілерімен белгіленген басқа демалыс және мереке күндерінен бөлек, күн сайын дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 09.00-ден 19.00-ге дейін (сағат 13.00-ден 15.00-ге дейін үзіліс).

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 08.12.2015 № 271 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

12. Осы Ереже “Жалағаш аудандық сәulet және қала құрылышы бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

13. “Жалағаш аудандық сәulet және қала құрылышы бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру аудан бюджетінен жүзеге асырылады.

14. “Жалағаш аудандық сәulet және қала құрылышы бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі кәсіпкерлік субъектілерімен “Жалағаш аудандық сәulet және қала құрылышы бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер “Жалағаш аудандық сәulet және қала құрылышы бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

15. “Жалағаш аудандық сәulet және қала құрылышы бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің миссиясы:

сәulet және қала құрылышы саласын кешенді дамыту арқылы аудан халқының тіршілік етуіне қолайлы орта жасау.

16. Міндеттері:

1) өз құзыреті шегінде аудан аумағында Қазақстан Республикасының сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы заңнамасының талаптарының орындалауын қамтамасыз ету;

2) заңнамамен белгіленген тәртіpte бекітілген бас жоспарлардың негізінде елді мекендердің аумақтарында құрылыш салу және дамыту, сондай-ақ, адамның тіршілік етуіне қолайлы орта мен орын құру жөніндегі қызметтерді үйлестіру;

3) аудан бойынша базалық деңгейдегі мемлекеттік қала құрылышы кадастрының қызметтерін ұйымдастыру;

4) кент, елді мекендерде құрылыш салудың кезекші-оперативтік жоспарларын, сондай-ақ жер асты коммуникациялары мен құрылыш объектілерін

орналастырудың кезекші жоспарларын жүргізу жөніндегі қызметтерді үйлестіру;

5) өз құзыреті шегінде бөлімге жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

17. Функциялары:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген аудан аумағының қала құрылышын жоспарлаудың кешенді схемасын (аудандық жоспарлау жобасын), селолық елді мекендердің бас жоспарларын іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіру;

2) мемлекеттік қала құрылышы кадастрының дерекқорына енгізу үшін белгіленген тәртіппен ақпарат және (немесе) мәліметтер беру;

3) аумақта жоспарланып отырған құрылышын салу не өзге де қала құрылышының өзгерістері туралы халыққа хабарлап отыру;

4) аудандық маңызы бар құрылыш, аумақты инженерлік жағынан дайындау, абаттандыру және көгалдандыру, аяқталмаған объектілер құрылышын тоқтатып қою, объектілерді кейіннен кәдеге жарату жөнінде жұмыстар кешенін жүргізу туралы шешімдерді іске асыру;

5) объектілерді пайдалануға қабылдау актілерін тіркеу және пайдалануға берілетін объектілерді (кешендерді) есепке алуды жүргізу;

6) аудандық маңызы бар тұрғын үй қорын, коммуникацияларды, тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтауды және олардың күтіп ұсталуына (қолданылуына, пайдаланылуына) бақылау жүргізуді ұйымдастыру;

7) аудан аумағында қала құрылышын дамыту схемаларын, кенттің және өзге де ауылдық елді мекендердің бас жоспарларының жобаларын әзірлеуді ұйымдастыру;

8) елді мекендердің бекітілген бас жоспарларын (аумақты дамыту схемаларын) дамыту үшін әзірленетін қала құрылышы жобаларын іске асыру;

9) салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер мен кешендердің мониторингін сәулет, қала құрылышы және құрылыш істері жөніндегі уәкілетті орган белгіленген тәртіппен жүргізу;

10) ведомстволық бағынысты аумақта құрылышын салуға немесе өзге де қала құрылышын игеруге арналған жер участеклерін таңдау, беру, заңнамалық актілерде көзделген жағдайларда, мемлекеттік қажеттер үшін алып қою жөнінде аудан әкімдігіне ұсыныс енгізу;

11) бұрыннан бар үйлердің үй-жайларын қайта жоспарлау арқылы реконструкциялау туралы шешім қабылдау;

12) елді мекендерде сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыруға рұқсат беру;

13) жеке және (немесе) занды тұлғалардың және (немесе) олардың филиалдары мен өкілдіктерінің жарнама қызметі мәселелері бойынша өтініштерін қарau;

14) өз күзыреті шегінде Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

15) алғыншыл тасталды - Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 08.12.2015 № 271 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

16) жер участекесінің нысаналы мақсатын өзгерту туралы келіп түскен өтінішке жер участекесін мәлімдеген нысаналы мақсат бойынша пайдалану мүмкіндігі туралы ұсыныс дайындау;

17) аудан аумағында жылжымайтын мұлік объектілерінің мекен-жайын анықтау жөнінде анықтама беру;

18) елді мекенниң құрам бөлігінің атауы болмаған жағдайда бұйрықпен елді мекенниң құрам бөлігіне ресми атау берілгенге дейін уақытша жобалық нөмер беру;

19) зандарда, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілерінде, өзге де нормативтік құқықтық актілерде көзделген өзге функцияларды жүзеге асыру.

Ескерту. 17-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 08.12.2015 № 271 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

18. Құқықтары мен міндеттері:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдар сұратуға және алуға;

2) құзыреті шегінде құқықтық және нормативтік құқықтық актілердің жобаларын өзірлеуге қатысу;

3) қолданыстағы заңнамалық актілерде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

3. Мемлекеттік органдың қызметін ұйымдастыру

19. “Жалағаш аудандық сәulet және қала құрылышы бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесіне басшылықты “Жалағаш аудандық сәulet және қала құрылышы бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

20. “Жалағаш аудандық сәulet және қала құрылышы бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын Жалағаш ауданының әкімі қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

21. Жалағаш аудандық сәulet және қала құрылышы бөлімінің бірінші

басшысының өкілеттілігі:

- 1) бөлім қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді;
- 2) бөлім қызметкерлерін қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;
- 3) заңнамада белгіленген тәртіппен бөлімнің қызметкерлерін көтермелейді және оларға тәртіптік жаза қолданады;
- 4) қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда бөлімді білдіреді;
- 5) өз құзіреті шегінде бүйрықтарға қол қояды;
- 6) бөлімдегі сыйайлар жемқорлыққа қарсы әрекет етуге бағытталған шаралар қабылдайды және сыйайлар жемқорлыққа қарсы шаралар қабылдау үшін дербес жауапты болады;
- 7) гендерлік теңдік саясатын жүзеге асыру жұмыстарын ұйымдастырады;
- 8) заңнамаға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

“Жалағаш аудандық сәулет және қала құрылышы бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қоданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындауды.

22. “Жалағаш аудандық сәулет және қала құрылышы бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмыс тәртібін Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес “Жалағаш аудандық сәулет және қала құрылышы бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы анықтайды.

23. “Жалағаш аудандық сәулет және қала құрылышы бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерінің енбегін ұйымдастыру Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен реттеледі.

4. Мемлекеттік органдың мүлкі

24. “Жалағаш аудандық сәулет және қала құрылышы бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

“Жалағаш аудандық сәулет және қала құрылышы бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

25. “Жалағаш аудандық сәулет және қала құрылышы бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік аудандық коммуналдық меншікке жатады.

26. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, “Жалағаш аудандық сәулет және қала құрылышы бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті

және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жок.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

27. “Жалағаш аудандық сәулет және қала құрылышы бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК